



179 ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУҒА 60,6 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен аймақтың жол құрылысы мәселесіне арналған жиын өтті. Жиынға құзырлы мекеме басшыларымен қатар, жол құрылысына жауапты мердігер мекеме өкілдері де қатысты. Аудан әкімдері бұл жиынға онлайн режимде қосылды.

Жиында аймақта көлік инфрақұрылымын дамыту және құрылыс маусымына дайындық барысы туралы облыстық жолаушылар келіпі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайыр баяндады. Оның айтуынша, биыл жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында 179 жобаны іске асыруға 60,6 млрд теңге бөлінген. Қарастырылған қаражат есебінен 82 жоба немесе 430,6 шақырым жергілікті маңызы бар және 97 жоба (137,1 шақырым) бойынша қала мен ауылшілік жолдар жөнделетін болады. Нәтижесінде жолдардың жақсы және қанағаттанарлық үлесін 83 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

— Су тасқыны салдарынан зардап шеккен жол учаскелерін қалпына келтіру үшін 36 жобаға бөлінген жалпы қаражаттың 50 пайызы, яғни 9,8 миллиард теңгесіне секвестрлеу жасалып жатыр. Секвестрлеу нәтижесінде жоспарланып отырған жергілікті жолдардың жақсы және қанағаттанарлық үлесі 77 пайызға төмендейтін болады. Алдын ала есептеулер жүргізіліп, облыстық және аудандық жолдардың 32 учаскесін қалпына келтіру үшін

15,8 миллиард теңге қажеттілік анықталды. Бүгінде ережеге сәйкес құжаттар топтамасы жиналып жатыр. Барлық құжат түгенделген соң облыстық қаржы басқармасына тапсырылатын болады, — деді Айбек Қайыр.

Тасқынның салдарынан республикалық Қандыағаш-Ембі-Шалқар-Ырғыз, облыстық Ойыл-Қобда бағытындағы және Ойыл ауылына кіреберіс жолдағы көпірлердің балкалары мен аралық құрылымдары бүлінген. Сонымен қатар Әйтеке би ауданындағы Әйке, Мұғалжар ауданындағы Басшилі және Темір ауданындағы Жамбыл елді мекендерінің кіреберіс жолдарын да су шайған.

Айбек Қайырдың айтуынша, жол құрылысы маусымы басталғалы «ҚазАвтоЖол» қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, мердігер мекемелермен тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінде халықтың басты назарындағы Ақтөбе-Хромтау-Ұлғайсын жолының 791-819 шақырым учаскесінде «Сине Мидас Строй» компаниясымен қазіргі қолданыстағы жолдың көне қабатын алу үшін фрезерлеу жұмыстары басталыпты. Ал 763-791 шақырым учаскесі бойынша конкурс рәсімдері ұйымдастырылып жатыр.

Жиында мердігер компаниялар үшін топырақ карьерлерін рәсімдеу уақыты ұзаққа созылатыны туралы мәселе көтерілді. Сонымен қатар жол құрылысына қатысты қосымша 30 шетелдік маманның облыс территориясында жұмыс істеуін заңдастыруға рұқсат ету және өзге де мәселелер жайы талқыланды.

— Жол салу құрылысына қатысты жыл сайын қайталанатын қателіктер бар. Сондықтан бұл жиынға Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының басшылары, өкілдері қатысып отыр. Олар арнайы бірнеше жобаны бақылауға алып, жергілікті филиал ашу, сондай-ақ өңірдегі болып жатқан барлық жағдайға байланысты өздерінің ғылыми көзқарасын білдіріп, көмек беруге ниеттенді. Бұған қатысты біраз мәселелер өзара талқыланды. Олар өздерінде шығарылған қоспалар, басқа да ғылыми зерттеулерінің нәтижесін осы өңірде пайдаланып, қарастыратын болады, — деген облыс әкімі Асхат Шахаров жол құрылысын салу маусымы басталғанын, осы бағытта көптеген конкурстар өткізілгенін, сондай-ақ біраз жобаларды жүзеге асыру үшін облыстық, қалалық бюджеттен қосымша қаражаттар қарастырылғанын атап өтті. Ол тиісті органдарға жол құрылысын сапалы жүргізуге айрықша басымдық беруді тапсырды.

Арайлым НҰРБАЕВА.

Форум ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Ғылым және жоғары білім министрлігінің және облыс әкімдігінің қолдауымен «Ғылымды коммерцияландыру: Ғылым. Бизнес. Интеграция» тақырыбында халықаралық форум өтті.

Жиында сөз алған университет ректоры Лаура Қарабасова форумның негізгі мақсатына тоқталып, арнайы келген қонақтарды таныстырып өтті.

— Ғылымның экономиканы дамытудағы нақты үлесін арттыру, өндіріс саласындағы түйткілді шешулерді шешу және бағыттау туралы Президент тапсырмасында айтылғаны белгілі. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан ғылымды қаржыландыруға көп көңіл бөлініп жатыр. Университетімізде де соңғы үш жылда қаржыландыруға ие болған ғылыми жобалар саны еселенгенін көріп отырмыз.

Ғылымның негізгі мақса-

ты — адам өмірін жақсы жаққа қарай өзгерту. Егер ғылым мен өндірістің, бизнестің арасындағы байланыс әлсіреп кетсе, онда ғалымдардың еңбегі тек қағаз жүзінде ғана қалып қояды. Соған жол бермеу мақсатында бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып отырмыз, — деді ол.

Форум жұмысына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Елеуов ғылыми жобаларды қаржыландыру әлемдік мәселе екеніне тоқталып, оны шешу жолында мемлекет тарапынан ауқымды іс-шаралар атқарылып жатқанын айтты.

— Облыс әкімдігі ғылыми және инновациялық жобаларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар



жасап отыр. Бұл өңірдің инновациялық экожүйесінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Мәселен, биыл біз өңірдің әлеуметтік жағдайын зерттеу үшін ғалымдарға 5 грант бөлдік. Сондай-ақ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң шеңберінде ауқымды іс-шаралар жоспарланған.

Ғылым комитеті басшысының, «Ғылым қоры» қоғамының, сонымен қатар коммерцияландыру бойынша еліміздегі эксперимент-мамандардың бір алаңда жиналып, бір шешімге келуі ғылыми жобаларды коммерцияландыру жолында үлкен нәтиже береді деп сенемін! — деген Ғалымжан Елеуов форум қонақта-

рына облыс әкімі Асхат Шахаровтың атынан сәттілік тіледі.

Мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері, ғалымдар бас қосқан жиында ғылымды қалай қаржыландыруға болады, қаржы тартудың қандай тетіктері бар, сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстар шеңберінде ғалымдар қандай қиындықтарға жиі тап болады деген сұрақтарға жауап берілді, мазмұнды баяндамалар жасалды.

Форум соңында технологияны коммерцияландыру орталығы мен Жұбанов университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Ақерке САТЫБАЛДЫ.

ТАТУ ЕЛДІҢ ЫНТЫМАҒЫ

Анастасия БОШКОВА, «Вяра» болгар этномәдени бірлестігінің жетекшісі



Өр сессияның жұмысы өткенді зерттеуден және Қазақстан халқы Ассамблеясының, тұтастай алғанда еліміздің одан әрі даму бағыттары мен міндеттерін айқындаудан тұрады. «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессия барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне белсене қатысу, этноәлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту міндеттерін жүктеді.

Еліміздің Президенті атап өткендей, біздің басты құндылығымыз — бірлік пен ынтымақ. Ол біздің мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болған және солай бола бермек. Біздің күшіміз — бірлікте. Кешегі тасқын суға байланысты төтенше жағдай кезінде де облыстағы этномәдени бірлестік мүшелері жұдырықтай жұмылып, эвакуациялық пункттерге гуманитарлық көмек жеткізді.

Тарихи тағдыр біріктірген халықтың ұлтаралық бірлігі мен

келісімін нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Тәуелсіз Қазақстан қазіргі заманғы дамыған, бәсекеге қабілетті, ұлтаралық қарым-қатынас үлгісін бүкіл әлем мойындаған мемлекет екені сөзсіз. Өділетті Қазақстанды құру жолында конституциялық және саяси реформалар, барлық мемлекеттік құрылымдарды жаңғырту азаматтық қоғамның дамуына күшті серпін беріп, азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейткені анық.

Біз, ел азаматтары, сырттан келетін жағымсыз әсерлерден ада, өзіміздің идеологиялық күн тәртібімізді ұстануымыз керек. Біздің мемлекеттік идеологиямыздың негізгі тірегі — тәуелсіздік. Ендеше, тәуелсіз елімізде әрқашан бейбітшілік, ұлттар арасында бірлік болсын!

БІРТҰТАС ҰЛТ МҰРАТЫ

Бибігүл БИМАНОВА, «Ақтөбе» телеарнасының шеф-редакторы



1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясы өтті. Президент ең алдымен еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын өңсереу үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Ең басты назар аударғаны — ұлттық құндылықтар мәселесі болды. Біз ұлттық құндылықтарсыз ілгері баса алмаймыз. Өйткені ұлттық құндылықтарымызды қазіргі үрдістермен үйлестіре білуіміз керек. Жаңа қоғамдық этика қалыптастыру үшін бірлік, әділдік, тіпектестік, сенім, жауапкершілік керек. Біздің қоғамымыз еңбеккер болған уақытта адал азаматтар өмірге келеді. Мемлекет басшы-

сының айтуынша, Өділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады:

«Тарих тоғыстырған тағдырымыз — бір, сеніммен қадам басатын келешегіміз — бір. Біз біртұтас ұлт ретінде әрдайым бабалар аманатына адал боламыз. Қасиетті қара шаңырағымыз — Қазақстанның жарқын болашағын бірге жасаймыз. Біздің мақсатымыз — айқын, бұл — Өділетті Қазақстанның құру. Мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қорғауды Президент ретіндегі ең басты міндетім деп санаймын», — деді Президент. Сонымен қатар ол ендігі міндет — әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидаларына негізделген және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін жаңа экономика үлгісіне көшу екендігін алға тартты.

Президент түрлі сын-қатерге қарамастан, еліміз стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнымайтынына назар аударды. Ол жаһандық капитализм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлттың қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бала араңдатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Зульфия НАБИУЛИНА, «Ассамблея жастары» РҚБ облыстық филиалының төрағасы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясына онлайн форматта қатысты.

Қазақстанның бірнеше өңірін әйгерге салған табиғи апат отырыста айтылған басты тақырыптардың бірі болды. Президент ел аумағында су тасқыны салдарын өңсереу мақсатында жүргізіліп жатқан ауқымды іс-шараларға тоқталып, бұл бағытта Қазақстан халқы Ассамблеясының да белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. «Біз үшін ең бастысы — халықтың амандығы», — деген Қасым-Жомарт Кемелұлы тасқыннан зардап шеккен әр отандасымызға қолдау мен көмек берілетінін айтты.

Мемлекет басшысы күндіз-түні ел тұрғындарының игілігі үшін қызмет етіп жүрген волонтерлер мен Ассамблея жастарының еңбегі туралы айтқанда, өзіміздің тура әрі дұрыс жолда жүргенімізге тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Сессия отырысында Президент қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімді екенін жеткізді. Олай деуге себеп бар. Бүгінде Ақтөбе өңірінің өзінде мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау бағытында бірнеше тегін курс-

тар мен клубтар жұмыс істейді. Ең қуантатыны, сол сабақтарға баратын адам саны күн сайын көбейіп келеді. «Ассамблея жастарының» Ақтөбе облыстық тақырыптардың бірі болды. Президент ел аумағында су тасқыны салдарын өңсереу мақсатында жүргізіліп жатқан ауқымды іс-шараларға тоқталып, бұл бағытта Қазақстан халқы Ассамблеясының да белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. «Біз үшін ең бастысы — халықтың амандығы», — деген Қасым-Жомарт Кемелұлы тасқыннан зардап шеккен әр отандасымызға қолдау мен көмек берілетінін айтты.

Мемлекет басшысы күндіз-түні ел тұрғындарының игілігі үшін қызмет етіп жүрген волонтерлер мен Ассамблея жастарының еңбегі туралы айтқанда, өзіміздің тура әрі дұрыс жолда жүргенімізге тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Сессия отырысында Президент қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімді екенін жеткізді. Олай деуге себеп бар. Бүгінде Ақтөбе өңірінің өзінде мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау бағытында бірнеше тегін курс-

тар мен клубтар жұмыс істейді. Ең қуантатыны, сол сабақтарға баратын адам саны күн сайын көбейіп келеді. «Ассамблея жастарының» Ақтөбе облыстық тақырыптардың бірі болды. Президент ел аумағында су тасқыны салдарын өңсереу мақсатында жүргізіліп жатқан ауқымды іс-шараларға тоқталып, бұл бағытта Қазақстан халқы Ассамблеясының да белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. «Біз үшін ең бастысы — халықтың амандығы», — деген Қасым-Жомарт Кемелұлы тасқыннан зардап шеккен әр отандасымызға қолдау мен көмек берілетінін айтты.

Жол

ЖОЛДАР ҚАШАН ЖӨНДЕЛЕДІ?

Сейсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалының директоры Айбол Данағұл мен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Бекболат Нұрашев жөндеу жұмыстары жүргізілетін республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары жайлы мағлұмат берді.

Айбол Данағұлдың айтуынша, биыл Ақтөбе-Қарабұтақ-Ұлғайсын учаскесінің 763-1025 және 791-819 шақырымындағы жолдары жөнделеді. Жалпы алғанда үш жылда ұзындығы 262 шақырым жол жаңартылады.

— Жол құрылысын мердігер ұйым «Сине Мидас Строй» компаниясы жүргізеді. Сәуір айының басында мемлекеттік сатып алу порталында техникалық қадағалау қызметін анықтау үшін конкурс жарияланды. Қазір топырақ карьерлерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Инженерлік коммуникацияларды қайта құру бойынша техникалық шарттар алынды. Алдағы уақытта Ақтөбе-Қарабұтақ-Ұлғайсын учаскесінің жолы екі кезең бойынша салынады. Бірінші кезеңде жаңа автомобиль жолының құрылысы жүргізілсе, екінші кезеңде қолданыстағы автомобиль жолы қайта жаңартылады. Жаңа

жол салу кезінде көліктер қолданыстағы автомобиль жолымен жүреді, — дейді ол.

Ал республикалық маңызы бар Ақтөбе-Атырау-Астрахань автожолын қайта жаңарту жұмыстары биыл аяқталады. Бүгінде Ақтөбе-Қандыағаш арасындағы жол қайта салынып жатыр. Оған 358 адам мен 185 арнайы техника жұмылдырылған.

— Бұл жоба бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтау 2023 жылдың 4-тоқсанына жоспарланған болатын, алайда жол-құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жобалау-сметалық құжаттамаға түзету жүргізілді. Мемлекеттік кірістер комитеті аудиторлық тексеру жүргізіп, биыл жыл басында мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Осыған байланысты жобаның аяқталу мерзімі 2024 жылдың 4-тоқсанына дейін ұзартылды. Жоба-

